# #QAZAQSTAN

## Ата-бабаң кім?



**Жеті ата дәстүрі** – қазақтың туыстық қарым-қатынасын ғана емес, елдің ынтымағы мен бірлігін сақтаған ұлы дәстүр. Бұл – әр адамның өз тегін біліп, ата-баба рухына құрмет көрсетуі арқылы тұтас ұлттың тамырын сақтап қалуы. Өз тегін таныған адам ешқашан өткенін ұмытпайды, ұлтының амандығына жауапкершілікпен қарайды.


Ата, сіздің де атаңыз болды ма?
Әрине, балам.
Есейгенде сенің де өз немерең болады.
Сіз оған да ата боласыз ба?
Мен сенің немереңе арғы ата боламын.


Балам, қазақта «Жеті ата» деген ұғым бар.
Әр қазақ өзінің жеті атасын білуі тиіс.
Ата, «Жеті ата» деген не?
Бұл - сенің жеті буын ата-бабаң, балам.
Жеті ата – қазақ халқында адамның ата жағынан тегі таратылуының нақты жүйесі.
Жеті ата – ұрпақтың негізі


Жетінші атаң би болған, балам.
Ол адамдар арасындағы дауды шешкен.
Заң бәрінен жоғары!


Ал алтыншы атаң
батыр болған.
Ол туған жерін қорғаған.
Алғаааа!


Бесінші атаң ақын болған.
Ол елдің ерлігін жырлаған.



Төртінші атаң ел қамын ойлап, жоғын түгендеген саудагер болған.
Адалдық – ең тиімді келісім.


Үшінші атаң майданда  дәрігер болған.
Ол жауынгерлердің өмірін ажалдан арашалаған.
Ох ...
Бәрі жақсы болады.
Уайымдама.
Рақмет..


Ал мен – екінші атаңмын.
Жас кезімде құрылысшы болдым.
M. Construction
Мен тұрғын үйлер салдым. Қазір зейнетке шығып, сенің және басқа немерелерімнің бойына халқымыздың салт-дәстүрін,
құндылықтарын дарытуға арнап жүрмін.


Жеті ата реттілігі бойынша бірінші атаң — әкең.
Оның мамандығы қандай?
Ол — саясаткер.
Дұрыс айтасың, ол халқы үшін қызмет етеді.
Сен де болашақ ұрпақ үшін ата боласың.


Есіңде болсын, балам, сенің бойыңа ата-бабаңның қабілеттері дарыған.
Соларды дұрыс пайдалан.
Жақсы. Ата, барлық халық «жеті атаны» сақтайды ма?
Өкінішке қарай, жоқ.
Ал біз, қазақтар, жеті атаға дейін қыз алыспаймыз.


Неге?
Рудың қуатын, ұрпақтың саулығын сақтау үшін.


В Таджикистане запретили заключение браков
близкими родственниками
Парламент Таджикистана поддержал предложенные правительством поправки в законодательство, запрещающие браки между близкими родственниками
Таяуда Тәжікстанда жақын туыстар арасындағы некені тыятын заң қабылданды.


Олар да болашақтарын ойлайды ма?


Әрине, бұл - дұрыс шешім.


Қан араласуы салдарынан балалар
мүгедек болып туылуы ықтимал.


Балам,
жеті ата – тек жеті буын ер ата-бабаңның аттарын білу ғана емес,
бұл жеті буынға дейін туыстарды жақын деп санап,
оларға ортақ жауапкершілік жүктеуді білдірді.
Ата,
мен енді өз ата-бабамның есімдерін білгім келеді. Ер жеткен соң немерелеріме айтып беремін.
Ең алдымен, өз балаңа, кейін немерелеріңе айтасың. Келістік пе?
Келістік!


Балам,
жеті атасын білмеген жетесіз! Ата-бабаларыңды есіңде сақта,
ұрпағыңа лайық бол.
Түсіндім, ата!



Салт-дәстүр сақталғанда, халық та мәңгі жасайды. Өскелең ұрпақ ата-бабасын есте сақтаса, оның болашағы да бар.




















**БІЗДІҢ КОМИКСТЕРДІҢ БАСҚА СЕРИЯЛАРЫН ДА КӨРІҢІЗ**

instagram

web-site

Алматы облысы Дін істері басқармасының тапсырысы аясында әзірленді